

**"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 513 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

**1-бап.** "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 142-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 4 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақшадағы "және (немесе) жылу" деген сөздер алынып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі;"

2) 14-баптың 1-тармағының 14) тармақшасында және 2-тармағының 12) тармақшасында "алты айға" деген сөздер "осы Заңның 18-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, он екі айға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 ) 1 6 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "алпыс" деген сөз "тоқсан" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3-тармақтағы "қырық бес" деген сөздер "алпыс" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 17-баптың 1-1-тармағының екінші бөлігінде 1) және 2) тармақшалардағы "түбегейлі" деген сөз алынып тасталсын;

5 ) 1 8 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"түпкілікті шешім" деген сөздер "шешім" деген сөзбен ауыстырылсын;

"15" деген сандар "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"екі тоқсанда" деген сөздер "осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, он екі айда" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жаңа тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) және тарифтік сметалардың қолданысқа енгізілуі тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бекітілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.";

4-тармақтағы "10" деген сан "жиырма бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың үшінші бөлігі "(бағаларды, алым ставкаларын)" деген сөздерден кейін "және тарифтік сметаларды" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші сөйлемі алынып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*